

Дәстүрлі қолөнеріміздің ішінде алаша тоқу өнерінің жақсы дамығандығын «Кілемге бергісіз алаша бар...» деген сөз тіркесі аңғартады. Ертеде дәулетті қазақтардың қыз жасауының құрамына түгі қалың, қалы кілемдермен қатар, әсем тоқылған алашалар да кірген.



**Тимур БОЛСЫНБЕК,**  
Қазақстан Республикасы  
Мемлекеттік Орталық музейі

Арнайы «Қала мен Дала»  
газеті үшін



## ДӘСТҮРЛІ ҚОЛӨНЕРДІ ДӘРІПТЕУ – ҰЛТТЫҚ ИДЕОЛОГИЯНЫҢ МАҢЫЗДЫ БӨЛШЕГІ

Көркем тоқылған алашаны көштің сәнін келтіру үшін түйеге жабу ретінде де қолданған. Негізінде, алашаны үйде төсеніш ретінде пайдаланғанымен, кейде нақышына келтіріп әсем тоқылғандарын қабырғаға да ілген. Жергілікті жерлерде оны тұсалаша, алашақілем деп атаған. XX ғ. 90-жылдарға дейін тұрмыста қолданыста болған алашаларды қазіргі таңда музейлер қорынан кездестіреміз. Соның айқын бір дәлелі, ол Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық музейі (әрі қарай – MOM) қорында сақталған алаша түрлері. Музей қорында 70-ке жуық алаша сақталған. Алашалардың тоқылған уақыты XX ғасырдың I-ші жартысынан басталады. Музей қорына 1948 ж. бастап түсе бастаған. Алашаны тоқу үшін көп түске боялған ирилген жүн жіп, мақта жіп пайдаланған. Ал тұсқа тұтатын алашаға күміс, металдан құйылған шытыралар т.с.с. қолданған. Алаша жолақтары қарапайым құрылған еңсіз өрнектің көмегімен тоқылады. Қолданылу, жасалу техникасы және басқа да өзіндік ерекшеліктеріне қарай алаша тұсалаша, тақта алаша, тақыр алаша, қызыл басқур алаша, терме алаша, қақпа алаша сияқты атаулармен аталады. Тұсалаша – қабырғаға ілуге арналған.

Мысалы, MOM қорындағы тұсалаша ирилген жүн жіптерден терме тасілімен тоқылып, он үш жолақтан құрастырылып, тігілген. Жолақтарында толқын, өркеш, қосмүйіз, ирек, бес таңба, шынжара өрнектері нақышталған. Үш жағына бес таңба, ирек өрнектері тоқылған жолақтармен көмкеріліп, қара түсті жүн жіппен жиектелген. Жоғарғы жағына күлтелі сегіз бау тағылып, етегі қызыл түсті жүн жіптен шашақталған. Алаша XX ғ. II-ші жартысында Оңтүстік Қазақстан облысы Түлкібас ауданында тоқылған. Өлшемі: 155x256 см. Ісмері – Асангүл Маймақова.

Қақпа алаша – ирилген жіптерді қатарынан жарыстыра жолақтал өрнексіз

тоқылған түрін айтады. Тақта алаша – бір неше қатар жолақтардан құралған тақыр төсеніш. Қызыл басқур алаша – тақыр алаша теріп тоқылуы барысында нақышы қызыл түстен болғандықтан, осылай аталған. Құрамына қарай тақыр алашалардың терме алаша, кезім теру немесе бұқар теру, тақыр тоқу және т.с.с. түрлері бар. Терме алашаның желісі түрлі-түсті жіптерден иріп әзірленеді. Өрнектер түсіріліп түсті ілік тең, теру ағашпен өрнектерге қажетті көп жіптерді бөліп алады да, бойынан арқау жібін өткізеді. Нәтижесінде алашаның беті және ішкі жағы тегіс шығады. Оны терме алаша деп атайды. Мысалы, MOM қорындағы терме алаша ирилген жүн жіптерден термелеу тасілімен тоқылған он алты қатар жолақтардан құрастырылып, тігілген. Жолақтарға түрлі өрнектер салынған. Атап айтатын болсақ, сұр-қызыл түсті жолақ бойында қармақ өрнектері, қызыл, қара түсті келесі жолақтарда аштаоқан теру, төртқұлақ, қармақ өрнектері, қызыл түсті үшінші түрінде геометриялық және тікмүйіз, қосмүйіз, құмсағат өрнектері, ақ түсті төртінші жолақтарда тұмарша мүйіз, сынықмүйіз өрнектері, қызғылт түсті бесінші жолақтарда қосмүйіз, тұмарша, өрнекті өрнектері нақышталған. Кейбір жолақтар арасына су, шетін жиектей алалы қиықша өрнегі түсірілген. Алаша XX ғ. I-жартысында Қызылорда облысында тоқылған. Өлшемі: 125x215 см. 1958 ж. Қызылорда облысына жүргізілген этнографиялық экспедициясы барысында Арал ауданы, Аманоткел ауылы тұрғындарынан алынған.

Тоқу техникасына қарай кезім теру, терме теру, жүзтеру және т.б. ұғымдар бар.

Кезім теру (екінші атауы бұқар теру) тасілімен тоқылған төсеніштің бір ерекшелігі арқаулық жіп алашаның беті жағына түсетін өрнекке арналған жіптерді бөліп алып шығады да, қажетсіз қалған жіптер астыңғы жағында бос қалдырылады. ҚР MOM қорындағы кезім алаша ирилген түрлі-түсті

жүн жіптерден кезім теру тасілімен он қатар жолақтардан құрастырылып, тігілген. Ондағы ақ, сұр, қызыл, сарғыш түсті жолақтарда ботагөз, түйе өркеш, тарақ, тұмарша, балдақ өрнектері тоқылып, аралықтарына қара түсті су жүргізілген. Оң жақ жолағының жоғарғы тұсына «Жұманалы», «ЕЧП 69» деген жазу түсірілген. Қабырғаға ілуге арналған бау тағылған. Алаша XX ғ. I-жартысы Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы, Тектұрмаз ауылында тоқылған. Өлшемі: 160x330 см. Ісмері – Ажар Дәуітова. Терме теру – алашаны әзірлеу үшін, жіптерді өзара шалыстырып, өрнектер түрлі өрнектерді безендіре отырып тоқу тасілі. Жүзтеру – жүз жіптен тұр салып тоқылған терменің атауы.

Өрнегінің түріне қарай, түрікпен алаша, қашқар алаша, араби алаша, жолақ алаша, омыртқа алаша, өрнекті алаша; ал өрнексіз тоқылса, жер алаша, торсылдақ алаша, қақпа алаша, орама алаша, жол алаша; материалына қарай, жүн алаша, мақта алаша; тоқылу техникасына қарай, жалаң қабат алаша, екі қабат алаша; композициясының шешіміне қарай, қарапайым алаша, өрнекті алаша; жиегіне қарай, жиекті алаша, көккерулі алаша, шашақты алаша деп жіктеледі.

Алашаның еңін түрлі өрнектер ашатыны



*Алашада өрнек композициясы жасалу ерекшелігіне қарай нақышталады. Түрлі ашамай, жүзтеру, тұмарша, ботагөз, балдақ, ирек, қошқар мүйіз, қос мүйіз, сыңар мүйіз, сырға, омыртқа, тақта, тарақ, қызғалдақ, құс тұмсық, таралғы т.с.с. өрнектер басым бөлігінде өте дәлдікпен теріледі, мысалы терме алашаға қошқар мүйіз, қос мүйіз, сыңар мүйіз, ботагөз, шарыш т.б. өрнектер жүргізіледі. Алаша тоқуда, сондай-ақ, өрнекке қолданатын су және тіс өрнектері де жиі пайдаланылады. Кейбір өрнектердің бірнешеуіне тоқталып өтсек: аламышөрнек – өрнек бетіне қатарласа қысқа, кейде ұзын сызықтармен жүргізіледі. Аратіс / Тіс – тістің немесе араның жүзіне ұқсас келетін өрнек атауы.*

белгілі. Өрнек салудың техникалық тасілі келесідей әдіспен жүргізіледі: желі жіптері (ерек, ұрғашы) адырғының көмегімен асты-үстіне шығарып алмастырғанда арасына көлденеңнен арқау жіп өткізеді. Басты ерекшелігі – өрнекті белгілейтін жіпті астына түсірмеген кұрттауыштың көмегімен іліп алып үстіне қалдырады. Алашада өрнек композициясы жасалу ерекшелігіне қарай нақышталады. Түрлі ашамай, жүзтеру, тұмарша, ботагөз, балдақ, ирек, қошқар мүйіз, қос мүйіз, сыңар мүйіз, сырға, омыртқа, тақта, таралғы, қызғалдақ, құс тұмсық, таралғы т.с.с. өрнектер басым бөлігінде өте дәлдікпен теріледі, мысалы терме алашаға қошқар мүйіз, қос мүйіз, сыңар мүйіз, ботагөз, шарыш т.б. өрнектер жүргізіледі. Алаша тоқуда, сондай-ақ, өрнекке қолданатын су және тіс өрнектері де жиі пайдаланылады. Кейбір өрнектердің бірнешеуіне тоқталып өтсек: аламышөрнек – өрнек бетіне қатарласа қысқа, кейде ұзын сызықтармен жүргізіледі. Аратіс / Тіс – тістің немесе араның жүзіне ұқсас келетін өрнек атауы.

Көбіне, бұйым жиегіне, өрнектер аралығына су ретінде жүргізеді. Жілінік – өрнектің бастауы мал жілініштің негізінде пайда болған. Алашаға екі қатардан ұзынша келген сызық түрінде салынады. Көгеріс – өсімдік бөліктеріне (сабағы, гүлі, жапырағы) ұқсатып жасалған өрнектер.

Суөрнек – тоқымада түрлі өрнекті бөліп тұратын жолақтар. Тарақөрнек – сырт көрінісі кәдімгі шаш тарайтын тараққа ұқсас келген. Тышқанәзі – пішімі тышқанның ізіне ұқсайтын өрнек. Алашадағы негізгі өрнектердің ішкі бөлігіне тереңді. Тікмүйіз – алаша шетін нақыштауда пайдаланады. Мақала барасында аталған өрнек түрлерімен тоқылған алаша түрлері ҚР MOM қорында көптеп кездеседі.

